

АСТАНА халықаралық қаржы орталығы





«Мен Астананың халықаралық қаржы орталығын құру туралы Жарлық шығарғанымды білетін шығарсыздар. 2017 жылы біз EXPO халықаралық көрмесін өткіземіз. Көрме аумағындағы нысандардың құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Нысандардың архитектурасы өте жақсы, халыққа ыңғайлы. Көрме өтіп біткеннен кейін сол индустриялық нысандарды Астана қаржы орталығына тапсыруды жоспарлап отырмыз. Біз Дубайдағы қаржы орталығымен келіссөздер өткізіп, сол қаржы орталығының тәжірибесін Астана қаржы орталығының жұмысына көшіреміз деп келістік. Астананың қаржы орталығы алдағы уақытта Қазақстанның қаржы инфрақұрылымының қасиетті орталығы болады»

Мемлекет басшысы
Нұрсұлтан Назарбаев
«Астана» халықаралық қаржы
орталығы туралы» Қазақстан
Республикасының
Конституциялық заңына қол

Заң «Астана» халықаралық қаржы
орталығының мәртебесі мен жұмыс істеу
параметрлерін айқындайды және бес
институционалдық реформаны іске асыру
жөніндегі 100 нақты қадам - Ұлт Жоспарын
іске асыруға бағытталған.



Әлемдік қаржы орталықтары, ірі көлемдегі халықаралық капитал шоғырланған және түрлі халықаралық қаржы операциялары кең операция ауқымда жүргізіледі. Әлемдік қаржы орталықтары дамуының аса маңызды үрдістері – операциялардың ауқымын кеңейту; дамушы елдерде орналасқан осындай орталықтар санының көбеюі; белгілі бір орталықта белгілі бір түрлерінің мамандануы және шоғырлануы. Орталық инфрақұрылымының негізін әдетте қор құндылықтарымен операциялар жасайтын аса ірі биржалармен тығыз байланысқан ұлттық және ұлтаралық банкілер құрайды. Ірі брокерлік кеңселер мен түрлі инвестициялық қорлар да айтарлықтай рөл атқарады. Қазіргі кезде қаржы инфрақұрылымы ақпараттық инфрақұрылыммен толығыуда. Әлемдік қаржы орталықтарының негізгі операторлары – көп ұлттық ірі банкілер – Лондонда, Токиода, Нью Йоркте, Парижде, Цюрихте, Майндағы Франкфуртта, Люксембургте, Сингапурда, Сянганда шоғырланған.



- ▶ Астана Орталық Азияда қаржы орталығына айналуы үшін барлық мүмкіндіктерге ие. Бұл туралы Нью-Йорк университеті Стерн бизнес мектебінің профессоры, Жаһандық Экономика ұйымының төрағасы Нуриэль Рубини мәлім етті. Гарвард түлегі 2006 жылдың өзінде әлем экономикасын жаһандық дағдарыс жайлайды деп болжаған болатын.
- ▶ «Орталық Азияда тек Қазақстанда жаһандық тұрғыда халықтың жан басына шаққандағы табыс көзі өте жоғары деңгейде. Сонымен қатар одан әрі өсу әлеуеті де жоғары, адам капиталының ресурсы да өте жақсы деңгейде. Қазақстанда инфрақұрылымның дамуына да қыруар қаражаттар бөлінуде. Ол қаржының болашақта тиімді үлестірілуі аса маңызды. Осы факторларға байланысты Астана Орталық Азияның қаржы орталығы атануға лайық»

Парламент қабылдаған Заң «Астана» халықаралық қаржы орталығы дәл белгіленген шекаралары бар, Астана қаласының шегіндегі аумақты білдіреді. Орталықтың аумағында өзінің заңнамасы болуы ықтимал, ерекше құқықтық режим қолданылатын болады. Халықаралық қаржы орталығының қолданыстағы құқығы қабылданып отырған Конституциялық заңнан, Англия және Уэльс құқығының қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне негізделген актілерден, сондай-ақ реттелмеген бөлікте қолданылатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығынан тұрады.



100 НАҚТЫ ҚАДАМ

ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ

✓ Қаржы орталығының даму стратегиясын капитал нарықтарына қызмет көрсету және исламдық қаржыландыру мамандығына сәйкес өзгерту. Элиталық қаржы қызметінің жаңа түрлерін, соның ішінде "private banking" актівтерді басқару саласындағы қызметтерді дамыту. Орталыққа либералды салық режимін енгізу. Оффшорлық қаржылық орталық құрылуы мүмкін. Дубайдың үлгісі бойынша инвестициялық резиденттік қағидатын енгізу.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАУЛЫ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ

- ▶ Президент бес институционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамында «Астана» 2017 жылы халықаралық қаржы орталығына айналуы тиіс деген еді. Осыған орай Ұлттық банкке 2017 жылдың 1 қаңтарына дейін кезең-кезеңімен Алматыдан Елордаға көшу тапсырмасы берілді. Бұл жөнінде 19 мамырдағы Президент жарлығында көрсетілген. Ұлт жоспарының "индустрияландыру және экономикалық өсім" бөлігінде Мемлекет басшысы ASTANA EXPO - 2017 инфрақұрылымдары арқауында арнаулы мәртебе бере отырып, Астана халықаралық қаржы орталығын құру мәселесін қамтыған. Және оны ТМД елдері, Еуропа және Орталық Азия үшін қаржы хабы ретінде қалыптастыру керектігін айтты.

Артықшылыққа келсек, қазіргі таңда біздің өңірде қаржы орталығы жоқ. Ендеше, біз жан-жаққа батыс Қытайға, оңтүстік Ресейге, Қазақстанға, Қырғызстанға, Өзбекстанға, Тәжікстанға, Әзірбайжанға қызмет көрсете аламыз. Тұтастай алғанда, қабылданған заң болашақта Астананың әлемдегі 20 алдыңғы қатарлы қаржы орталықтарының қатарына еруге жағдай жасайтын болады. Осыған байланысты, мамандар Астанада оффшорлық қаржы орталығының құрылуы мүмкіндігін де жоққа шығармайды.



Астанадағы қаржы орталығында халықаралық сотты ұйымдастырып, британдық сауда заңнамасын қолданатын 500 шетелдік төрешіні жұмысқа алуды жоспарлап отырмыз, яғни біз Дубай тәжірибесін негізге алып, оны Астана жүзеге асыратын боламыз.

Елбасы бұндай тапсырманы жүктегенде қаржы орталығының даму стратегиясын капитал нарықтарына қызмет көрсету және исламдық қаржыландыру мамандығына сәйкес әзірлеу керектігін айтып, Элиталық қаржы қызметінің жаңа түрлерін, соның ішінде "private banking" активтерді басқару саласындағы қызметтерді дамыту мәселесін де алға тартқаны белгілі. Осыған байланысты ҰБ Төрағасының орынбасары «Астана» халықаралық қаржы орталығы мен исламдық қаржыландыру жүйесі қатар дамитынын айтады. «Бұл біздің ерекшелігіміз болады.





Алматы қаласының Өңірлік қаржы орталығы ғаламдық қаржы орталықтары рейтингісінде (GFCI) 15 саты жоғары көтеріліп, 83 халықаралық қаржы орталықтары ішінде 43-ші орынға жайғасты. Алматы қаласы Шығыс Еуропа - Орталық Азия аймағында Ыстамбұл қаласынан кейін екінші орында келеді. Алматыдан кейін Прага, Варшава, Санкт-Петербург, Будапешт, Таллин және Афины қалалары орналасқан. Бұл жетістік Алматы қаласы үшін ерекше маңызға ие. Өйткені GFCI рейтингісі инвестициялық индустрия саласының 3 мыңнан астам мамандарынан алынған 25 мыңнан астам жауаптар негізінде құралған. Аталмыш рейтингтің басты мақсаты - әлемдегі негізгі қаржы орталықтарының бәсекеге қабілеттілігі деңгейін зерттеу. Алматы қаласы алғаш рет GFCI рейтингісіне 2014 жылы наурыз айында енгізіліп, халықаралық қаржы орталықтарының ресми тізімінде 58-ші орынға жайғасқан болатын. Алматы әлемдік рейтингте Мәскеудің алдын орады

Құжат ең алдымен Елбасының айқындаған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 70, 71, 72-і қадамдарын іске асыруды көздейді. Оның шеңберінде «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру, капитал нарығын және исламдық қаржыландыруды жетілдіру шараларын қамтып отыр. Ұлт жоспарының «индустрияландыру және экономикалық өсім» атты бағытында Мемлекет басшысы «Астана ЭКСПО - 2017» инфрақұрылымдары негізінде арнайы мәртебесі бар «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру мәселесін алға тартқан болатын. Бұл орталық ТМД елдері, Еуропа және Орталық Азия үшін қаржы хабы ретінде қалыптасу керек. Бұл ретте озық халықаралық тәжірибе ескеріле отырып, орталық қатысушыларының қызметі үшін қолайлы әрі тартымды жағдайларды қамтамасыз ететін «Астана» халықаралық қаржы орталығын құру шаралары қарастырылады



2015 жылдың қыркүйегіндегі есеп бойынша әлемдік қаржы орталықтарының көш басына Лондон тұрақтады. Мұндай жаңалық Z/Yen Group компаниясы әзірлеген The Global Financial Centres Index рейтингі арқылы белгілі болды. Аталмыш рейтингте ТМД елдеріндегі қалалар арасынан Алматы шаһары ең үздік нәтиже көрсетті. Әлемдік қаржы орталықтары рейтингінде Алматы қаласы 51-орынға тұрақтапты. Ал көршілес Ресей астанасы – Мәскеу қаласы бұл жолы 78-орынды қанағат тұтқан көрінеді. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін Лондон қаласы қаржы орталығы болды. Ал бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін бұл статусты АҚШ мемлекеті иеленді. Бірақ Лондон АҚШ-пен бірге әртүрлі қаржы-несие жүйесінде және қор нарығында өзінің үстемдігін орнатты. 1990 жылы «Делор жоспары» бойынша Еуропалық Одақ елдерінде бір ортақ валютамен қаржылық орталық құру туралы қаулы қабылданды. 1993 жылы ортақ еуропалық валютамен қор нарығы және қаржы қызметтері құрылды. 1999 жылы Еуропалық Одақ елдерінде еуро жүйесі енгізілді.



The Global Financial Centres Index рейтингісі биылғы қыркүйекте 18-ші рет ұйымдастырылды. Ал биылғы үздіктерді анықтауда сарапшылар 98 қаланы іріктеуден өткізген. Оның ішінде 14 қаланың негізгі тізімге ену мүмкіндігі болмады. Негізгі тізімге іліне алмаған қалалардың қатарында Гуанчжоу, Рига және Нью-Дели бар. Ал негізгі тізімде алғашқы орынды Лондонға берген АҚШ-тың Нью-Йорк қаласы рейтингте екінші орынға орналасты. Нью-Йорк алдыңғы рейтинг нәтижесінде бірінші орында болған еді. Халықаралық зерттеу орталығының шешімі бойынша, үшінші орынға Гонконг лайық деп танылса, төртінші, бесінші орындар Сингапур мен Токиоға бұйырды. Үздік әлемдік қаржы орталықтарының алғашқы ондығын Сеул, Цюрих, Торонто, Сан-Франциско және Вашингтон түйіндеп тұр. Ең бірінші себеп – Ресейге салынған халықаралық санкциялар. Сондай-ақ, Мәскеудің үш саты төменге ығысуына мұнай бағасының төмендеуіне байланысты ел экономикасының әлсіреуі және соңғы жылдағы Ресей рублінің долларға шаққандағы құнының 42 пайызға дейін құлдырауы әсер еткен. Ресейдің Мәскеуде халықаралық қаржы орталығын құруды армандап жүргеніне де біраз уақыт болды. Алайда бұл рейтинг Мәскеудің әлемдік қаржы орталығын құру туралы жоспарының жүзеге аспайтынын кезекті рет дәлелдегендей. Лондон мен Нью-Йоркті қуып жетуге мүмкіндігі жоқ. Жалпы, қазіргі таңда әлемде 83 қаржы орталығы бар екен.